



BAITEREK

SUBSIDIARY ORGANIZATION JSC
NATIONAL MANAGEMENT HOLDING



KAZAKHEXPORT

ЭКСПОРТТАУШЫЛАРҒА ҮЗДІК ҚОЛЖЕТІМДІ ТЕХНИКАНЫ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

2023





"KazakhExport" ЭСК" АҚ (бұдан әрі - Қоғам) - белгілі бір дәрежеде экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға әсер ететінін түсіне отырып, өз қызметін ашықтық пен әдептілік қағидаттарын негізге ала отырып жүзеге асыратын әлеуметтік жауапты ұйым.

Қоғамның орнықты даму қағидаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі экспорттаушыларға сақтандыру өнімдерінің кең желісін ұсыну, қаржылық емес қолдау шараларын көрсете отырып қолдау көрсету арқылы көрінеді.

2017 жылдан бастап
KazakhExport

**216 отандық
экспорттаушыларға
сақтандыру қолдауын
көрсетті**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІ



2021 жылғы 1 шілдеде жаңа "Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" (бұдан әрі – Кодекс) күшіне енді, ол қоршаған ортаны қорғаудағы технологиялық нормалауға – үздік қолжетімді техникалар (ҰҚТ), ресурс үнемдеуші технологиялар мен практикалар, түзілетін қалдықтардың көлемін қысқарту және қауіптілік деңгейін төмендету және оларды тиімді басқару, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, су үнемдеу, сондай-ақ энергия тиімділігін арттыру, табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану, қалпына келтіру және молықтыру бойынша шараларды жүзеге асыру негізінде нормалауға көшу негізін қалады.

ҰҚТ қолдану қоршаған ортаның ластануын кешенді алдын алуға, қоршаған ортаға теріс антропогендік әсерді азайтуға және бақылауға, ресурстардың тиімділігін арттыруға бағытталған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІ



ҚР экологиялық заңнамасының міндеттерінің бірі мемлекеттің "жасыл" инвестицияларды тартуды және ҰҚТ-ны кеңінен қолдануды көтермелеуі және ынталандыруы болып табылады.

Экологиялық кодекске сәйкес, енгізілген ҰҚТ 2021 жылғы 01 шілдеге дейін пайдалануға берілген қолданыстағы объектілер үшін қолданылмайды. Бұл ретте олар ҰҚТ-ны ерікті тәртіппен енгізуге құқылы.

Жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялау/жаңғырту кезінде, сондай-ақ жаңадан іске қосылатын 1-санатты кәсіпорындар үшін (қоршаған ортаға елеулі теріс әсер ететін объектілер) 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап міндетті талап болып табылады.



ҰҚТ енгізу бойынша ақпаратты және ҰҚТ анықтамалықтарын "Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы" КЕАҚ сайтында зерделеуге болады (ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен құрылған).

ҰҚТ енгізу мен қолдануды ынталандыру мақсатында "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" ҚР Кодексінің 577-бабында салық төлеушілер үшін компанияның пайдасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, шығарылатын өнім құнының тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін экономикалық ынталандырулар көзделген.

ҮЗДІК ҚОЛЖЕТІМДІ ТЕХНИКАЛАР



өндірістің экологиялық қауіпсіздігіне
кепілдік



қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында
инновациялық шешімдер




шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсер
ету деңгейін төмендетуге бағытталған ұйымдастырушылық және басқарушылық
шараларды қамтамасыз ететін пайдаланылатын және жоспарланатын салалық
технологиялар, техника мен жабдық



"KazakhExport" ЭСК" АҚ өз қызметінде орнықты даму қағидаттарын басшылыққа алады және әлеуметтік-экономикалық пен экологиялық даму арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге тырысады, сондай-ақ БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын - орнықты даму саласындағы үздік бизнес-практикаларды дамыту, енгізу және ақпараттандыру үшін көшбасшылардың ең ірі бастамасын бөліседі.

Қоғам өз клиенттеріне шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендету үшін үздік қолжетімді техникаларды қолдануды ұсынады, бұл сонымен қатар кәсіпорындарға экономикалық ынталандыруға, энергия, шикізат және материалдар шығындарын азайтуға, өнімділік пен өнім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.



KAZAKHEXPORT

ЭКСПОРТТАУШЫЛАРДЫҢ
СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫСЫ



**"KazakhExport" экспорттық
сақтандыру компаниясы"**
акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы,
Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қ.,
Мәңгілік Ел даңғылы 55 "А", 11 қабат

Тел.: +7 (7172) 95 56 56
e-mail: info@kazakhexport.kz
 Kazakhexport

www.kazakhexport.kz

